

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 11 тамыздағы № 216 "2017-2018 оқу жылына техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 17 мамырдағы № 136 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 31 мамырда № 4619 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 2-тармағының 8-1)-тармақшасына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 11 тамыздағы № 216 "2017-2018 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4191 болып тіркелген, 2017 жылы 23 тамызда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде және 2017 жылы 5 қыркүйекте Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының "Облыстық бюджет есебінен 2017-2018 оқу жылына техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру" деген қосымшасындағы:

"Инновациялық-технологиялық колледжі" жеке мекемесі" деген қатардағы:

0907000	Жылу-техникалық жабдық және жылумен қамтамасыз ету жүйелері (түрлері бойынша)		
0907033	Техник- теплотехник	25	25

деген қатарлар алынып тасталсын;

"Облыс бойынша барлығы" деген қатардағы:

"3667" деген сандары "3642" деген сандарымен ауыстырылсын;

"11084" деген сандары "11059" деген сандарымен ауыстырылсын.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан

Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Оңтүстік Қазақстан облысында таралатын мерзімді басылымдарға жіберуді;

4) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ұ.Сәдібековке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Ж.Түймебаев

Ә.Ш.Өсербаев

Ә.Е.Тұрғымбеков

Е.Ә.Садыр

Т.К.Сәрсембаев

Ұ.Сәдібеков

Е.Қ.Тасжүреков

А.С.Сәбитов

А.Б.Тасыбаев